

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды

«Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 38 «Шаттық» балабақшасы» МКҚК

Нұр-Сұлтан қаласы

«17» наурыз 2022 жыл, 17.00

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын *(бұдан әрі – Заң)* басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жыл 2 ақпанындағы № 124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемдерін бекіту туралы» бұйрығымен *(бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары)*, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Нұр-Сұлтан қаласының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының *(бұдан әрі – Департамент)* 2021 жылғы 10 қарашадағы 133 бұйрығымен бекітілген бірінші жартыжылдыққа арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде 2022 жылғы 15-17 наурыз аралығында «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 38 «Шаттық» балабақшасы» МКҚК *(бұдан әрі – № 38 «Шаттық» балабақшасы)* мемлекеттік аттестаттаудан өткізілді.

Мемлекеттік аттестаттауды Департаменттің 2022 жылғы 14 наурыздағы №103-нқ бұйрығымен бекітілген аттестаттау комиссиясымен келесі құрамда *(бұдан әрі – комиссия)* өткізілді.

Комиссия құрамы:

1. Куттыбай Үміт Мархабайқызы - Нұр-Сұлтан қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің Білім беру қызметін лицензиялау бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы;

2. Жунуспекова Камшат Убайдуллаевна – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 43 «Қызғалдақ» балабақшасының меңгерушісі (келісім бойынша);

3. Каирбекова Гаухар Тулегеновна – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің № 62 «Нұрсәуле» балабақшасының әдіскері (келісім бойынша).

Комиссия мен Бағалау өлшемшарттарына білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттары мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының *(бұдан әрі – МЖМБС)* талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

«№ 38 «Шаттық» балабақшасының өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен уәкілетті мемлекеттік

органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:	
1)	Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 38 «Шаттық» балабақшасы МКҚК
2)	Нұр-Сұлтан қаласы, «Алматы» ауданы, Оңтүстік шығыс, Бурабай көшесі, 40- үй
3)	8 (7172) 56-88-50, E-mail: astanashattyk38@mail.ru Web-сайт: https://shattyk38.kz/s2050
4)	Ахметжанова Ажар Кунашпаевна Нұр-Сұлтан қаласының білім бөлімінің жұмысқа қабылдау туралы 2020 ж. 15 қазандағы №884 ж/қ бұйрығы
5)	БСН, 880740000016 Нұр-Сұлтан қаласы, 0000001 Жарғысы, тіркеу № 107 – 226 Қаулысына 35 қосымша 2020 жыл 03.03.
6)	Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама 2007 жылғы 24 қыркүйектегі № KZ50RVK00002400 Қазақстан Республикасы «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі мемлекеттік деректер қорытынды мәліметтерге сәйкес келеді
2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұны	
1)	Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсан №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі - МДТО ҰОЖ) сәйкестігі <u>Талдау нәтижелері:</u> Осы өлшем бойынша талдау барысында 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарының жұмыс оқу жоспарлары ұсынылды. Ұсынылған құжаттарын зерделеу барысында жұмыс оқу жоспарлары білім беру ұйымының басшысымен бекітілген, сағат сандары сәйкес. <u>Қорытынды:</u> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.
2)	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде: оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу; қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру; тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау; мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету;

	тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау; креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру; «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт- дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру Талдау нәтижелері: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша ұсынылған құжаттар зерделенді. «Мектепке дейінгі балаларды дамытуда құм терапиясы мен бейнелеу өнерінің тиімділігі» атты эксперименттік алаң 2020-2023 жыл аралығында жоспарланған. Эксперименттің мақсаты бойынша балабақшада құммен сурет салуды бейнелеу арқылы балалардың көркем-шығармашылық қабілеттерін дамыту. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 <u>бұйрығымен</u> бекітілген МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.
3)	МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру Талдау нәтижелері: Осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында, жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаның құрылғандығын дәлелдейтін бейнематериалдар, жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есеп деректерінен негізгі құралдар тізбесінің көшірмесі ұсынылды. Жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың жеке, тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы бейнематериалдарға талдау жасалынып, нәтижесінде мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы үшін барлық жағдайлар қарастырылған, соның ішінде балабақша дәлізінде, музыка залында. қабылдау бөлмелерінде заманауи талаптарға сәйкес пәндік-кеңістіктік дамытушы орта талаптарға сәйкес құрылғандығы анықталды. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 <u>бұйрығымен</u> бекітілген МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.
4)	МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы Талдау нәтижелері: Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту бойынша кәсіби қызметті жүзеге асыратын педагогтердің дипломдарын зерделеу барысында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша осы мектепке дейінгі ұйымда 100 % - ды көрсететіні анықталды. Барлығы- 32 педагог, бұл 100%-ды құрайды, оның ішінде меңгеруші мен әдіскер, 21 тәрбиешілердің 21-і мектепке дейінгі тәрбиемен, қамтылған. Осы мектепке дейінгі ұйымда 100 % - ды көрсететіні анықталды.

	Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.
5)	Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау. Талдау нәтижелері: «№ 38 «Шаттық» балабақшасында инклюзивті топтар бар. Нұр-Сұлтан қаласының білім басқармасының 31.03.2021 жылғы №129 бұйрығы бойынша ашылған. «№38 «Шаттық» балабақшасында инклюзивті топтар 6 топта 10 бала бар. Психолог, логопед, дефектолог мамандарының перспективті жоспарлары, циклограммалары және жеке даму бағдарламасымен толық қамтылған. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.
6)	Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы Талдау нәтижелері: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерін зерделеу барысында 2021-2022 оқу жылындағы «Бозторғай», «Қарақат» кіші, «Қарлығаш», «Ләйлек», «Түймедақ», «Қызғалдақ» ортаңғы, «Бұлбұл», «Ақбұлақ», «Жұлдыздар» ересек, «Аққайың», «Аққу», «Шағала» мектепалды даярлық топтары тәрбиеленушілерінің жеке даму жоспарларына (карталарына) талдау жасалынды. 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарының құжаттарына талдау жүргізілді (осы оқу жылдарының құжаттары электронды нұсқада берілген). Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС 2-тарауының 7-тармағына сәйкес келеді. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрығының 1 тарауы, 8-тармағының 6) тармақшасына сәйкес келеді.
7)	«Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру Талдау нәтижелері: «Шығармашылық» білім беру салалары бойынша жапсыру ҰОҚ «Шағала» мектепалды даярлық тобында, тақырыбы «Әжемнің құрақ көрпесі» ҰОҚ реті сақталған, бейнелеу өнерінің жетекшісі жүйелі түрде ұйымдастырған, танымдылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаты ескерілген, оқытудың барлық кезеңдерінде қолайлы жағдай жасалған, балалардың танымдылық қызығушылықтары сақталған. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша қоршаған ортамен таныстыру ҰОҚ «Шағала» мектепалды даярлық топ, тақырыбы «Ғажайып сағат». Тәрбиеші ҰОҚ жаңа технологияларды шебер қолданады, мысалы, көптеген ойын әдістері, АҚТ технологиясы, тосын сый сәттері, сыни ойлау т.с.с. «Аққу» мектепалды даярлық тобы, «Таным» білім беру саласы бойынша, тақырыбы «Есептер мен мысалдар шығарамыз» атты математика негізі ҰОҚ құрылымына сәйкес, балалардың жас ерекшелігіне сәйкес келеді, педагог әртүрлі әдіс- тәсілдерді қолдана

	отырып, балалардың логикалық ой- өрісін, ойлау қабілетін дамытады, мысалы: балалар тура және кері санай алады, сұраққа анық жауап бере алады, кеңістікте және уақытты бағдарлай алады. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша дене шынықтыру ҰОҚ тақырыбы: «Ұрпақ ұлттық ойынмен шындалады», дене шынықтыру нұсқаушысының шеберлігі айқын байқалды, қазақтың ұлттық ойындарын кеңінен қолданды. «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша «Музыка», «Жұлдыз» ересек тобы, тақырыбы «Өнерлі өрендер» АҚТ қолданып, жұмыс барысында балалар мен педагог арасында жүйелі жұмыс жасалатыны көрінді. Тәрбиенушілер музыкалық аспаптарды қолдана алады, педагогты қызығушылықпен тыңдайды. ҰОҚ жоспарлы жүйелі түрде құрылған, педагог пен балалар арасындағы қарым-қатынасы жақсы, тәрбиешінің дауыс ырғағы жағымды, қолданылған әдіс -тәсілдер тақырыбына сәйкес. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына сәйкес келеді.
8)	Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы және аралық мониторинг) болуы Талдау нәтижелері: Ұсынылған 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020; 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы электронды құжаттарды зерделеу арқылы білім беру ұйымы тәрбиеленушілерінің жеке даму мониторингі диагностика жасау және жеке даму карталарын толтыру арқылы жүзеге асатындығы анықталды. 2021-2022 оқу жылдарындағы тәрбиеленушілердің даму мониторингісіндегі балалар тізімі контингент тізімімен сәйкес келеді (бастапқы мониторинг және аралық мониторинг). Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС сәйкес келеді.
3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі	
1)	МДТОҰОБ-да белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 басшысымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары МДТО ҰОЖ қойылатын талаптарға сәйкес келеді (2021-2022 ж.ж. жұмыс оқу жоспарының көшірмелері қоса берілген, 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 ж.ж. оқу жоспарларының көшірмесі электронды нұсқада берілген). 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаға сәйкес перспективтік жоспарлар толық зерделенді. 2021-2022 оқу жылында Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасының №453 бұйрығының негізінде 2021 жылдың 26 тамызы мен 17 қараша аралығында күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты оқу қызметтерінің циклограммасы 2021 жылдың 18 қарашасынан басталған.

	Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20 желтоқсан 2012 жылғы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына, «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрықтың МЖМБС 2-тарауының 9-тармағының 1-тармақшасына сәйкес келеді.
2)	Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы Талдау нәтижелері: Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу мынаны көрсетті: 2017-2018, 2018-2019, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы оқу жұмыс жоспарларын талдау барысында оқыту тілдері бойынша апталық жүктемесі сақталған. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20 желтоқсан 2012 жылғы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді.
4.Оқыту нәтижелерін бағалау	
	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар Талдау нәтижелері: Зерттеу нәтижелері сауалнама жүргізу кезінде ата-аналары немесе заңды өкілдерінің қажетті 92 % - ы қамтылғандығын көрсетті. Осылайша, балалардың білімі мен дағдыларын игеру бойынша оқытудың нәтижелеріне талдау жүргізілді. Қорытынды:Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС мен 2 – қосымшасының талаптарына сәйкес келеді.
5. Оқыту мерзімі	
1)	МЖМБС-да және МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру Талдау нәтижелері: 2017-2018, 2018-2019, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарындағы талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу, жас ерекшеліктері бойынша игеруге тиіс білім, білік, дағды көлемдері мен құзіреттіліктері білім беру салалары бойынша меңгерілгендігін көрсетті. Осылайша, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейлері талаптарға сай екені анықталды. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС мен 2 – қосымшасының талаптарына сәйкес келеді.

2)	Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау Талдау нәтижелері: Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу бұл мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің даму мониторингі жеке карталарына диагностикалау жолдарымен жүргізілгендігін көрсетті. Осылайша, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес екені анықталды. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарына сәйкес келеді және МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.
6. Білім алушылардың дайындық деңгейі	
1)	Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау Талдау нәтижелері: Талдау үшін ұсынылған 2021-2022 оқу жылдарындағы құжаттарды зерттеу нәтижесінде барлық топтар жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС талаптарының 5 тарауының 22 тармағына сәйкес келмейді. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 ж. 02.02. № 124 бұйрықтың МЖМБС 1-тарауының 12-тармағының 1-тармақшасына сәйкес.
2)	Тәрбиеленушілерді 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау Талдау нәтижелері: Талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында мектепке дейінгі ұйымға тәрбиеленушілерді қабылдау және ұйымның тізімінен шығару мектепке дейінгі ұйым ережелеріне сәйкес жүргізіледі. Осылайша, үлгілік оқу бағдарламасындағы мерзім толығымен игерілгендігі анықталды.
	Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келеді.

Қорытынды: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№38 «Шаттық» балабақшасы білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес.

Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымын бағалау:

1. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

- 1.1 – үздік;
- 1.2 – үздік;
- 1.3 – үздік;
- 1.4 – үздік;

2. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:
2.1 – үздік

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі: «Аттестатталды»

Комиссияның хаттамалық шешімі «17» наурыз 2022 жыл

Комиссия төрағасы

Құттыбаев Қ.М.
(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)

Комиссия мүшелері

Аманжол Аманжолова Т.Т.
(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)
отсутствует (ақпан 16, 17.03.22 з.)
(қолы) (аты-жөні, бар болған жағдайда)